

## «Балауса» мектепке дейінгі ұйымы «Қарлығаш» ортаңғы тобының «Ұлттық тұрғыдағы тәрбие көзі «Әжелер мектебі» құрамының Қазан айындағы атқарған жұмыстары бойынша АНЫҚТАМА

Қазіргі заманда ұрпақтан ұрпаққа жалғанатын байланыс жоғалып барады, жас жеткіншектердің адами болмысы, асыл қасиеттері ұлттық тәрбиеге деген сүйіспеншіліктерін әжелер мен немерелер арасындағы мейрімділік құндылық орнату мақсатында ортаңғы қарлығаш тобының әжелерімен 2023-2024 оқу жылдарына қазан айы мен мамыр айлары аралығында Тәрбиешілер Теңізбаева Әсем Қартанбаевна, Басарова Гаухар Амантайқызы жетекшілігімен «Ұлттық тұрғыдағы Тәрбие көзі «Әжелер мектебін құрдық». «Әжелер мектебі» құрамы арнайы құрылған жоспармен таныстыру мақсатында кездесу дөңгелек үстелі өткізілді. Кездесу барысында әжелерімізге бағдарламамыздың мақсат міндеттерімен таныстыра отырып алдағы жұмыс жоспары талқыланды.

Жалпы «әжелер мектебі» құрамы 4 әжелер мүшесінен тұрады. Кездесу барысында 2 әже қатысып төрайым мен мүшелері анықталды.

Әжелер мектебінің жоспары бойынша, Ұлттық тәрбиедегі қазақтың ұлттық тағамдары, ұлттық бұйымдары, әшекей бұйымдары туралы әжелер балаларды қызықтыра отырып, таныстыру барысында ккрсету, түсіндіру, және де дөңгелек үстел, қол өнер көрмесі, ашық есік, шеберлік, танымдық сабақтар, өткізіп тағамдардан дәм татқызып, балаларды ұжымдық жұмысқа баулу. Кездесу барысында баяндама оқылып әжелеріміз өз ойларымен бөлісіп жоспар бойынша жүргізілетін іс шараларға белсене қатысатындарын атап өтті.



**Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша жүргізіліп отырған  
«Халықаралық қарттар күні» орай ұйымдастырылған жұмыстар бойынша  
АНЫҚТАМА**

2023-2024 оқу жылында «Халықаралық қарттар күніне орай» «Балауса» мектепке дейінгі ұйымының басшысы м.а Ахметова Лида Маметекқызы мен кәсіподақ төрайымы Сейдилдина Галия Махмудовна және Тәрбиеші Қозбагарова Гулжаната Жанзаққызы мектепке дейінгі ұйымда қызмет етіп осы мекемеде қызмет атқарып зейнетке шыққан қазыналы қарттарымызды құттықтап сый құрметтерін көрсетті.





## Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша жүргізіліп отырған «Мұғалімдер күні» орай ұйымдастырылған жұмыстар бойынша АНЫҚТАМА

2023-2024 оқу жылында 5 қазан «мұғалімдер күніне» орай «Балауса» мектепке дейінгі ұйымында Кәсіподақ төрайымының ұйымдастыруымен педагогтар мен мамандарға арналған шағын дастархан жайылып Балабақша басшысы м.а Ахметова Лида Маметекқызы Сөз сөйлеп қызметкерлерді мерекелерімен құттықтап жасап жатқан қызметтерін еслеусіз қалдырмай, балабақша әкімшілігі атынан педагогтар мен мамандарға алғыс хат табыстады. Педагогтар барша ұстаздарды мерекелерімен құттықтап бір біріне деген ізгі тілектерін арнады.




«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша жүргізіліп отырған  
«Шынықсаң шымыр боларсың» педагогтар арасында өткізіліп отырған спорттық іс шараға  
**АНЫҚТАМА**

**Дайындаған: Дене шынықтыру нұсқаушысы**

2023-2024 оқу жылында дене шынықтыру нұсқаушысының ұйымдастыруымен қызметкерлер арасында спорттық іс шара өткізілді. Іс шара барасында қатысушылар мен әділ баға беруші қазылар алқасы тағайындалып нұсқаушының нұсқауымен бес кезеңнен тұратын сайыс түрлерімен бәсекеге түсті. Қызметкерлер арасында жақсы қарым қатынас орнап 1.2 жүлделі орындармен марапатталып арнайы мақтау қағаздары берілді.

**Спорттық сайыстың мақсаты міндеттері;:** Педагогтар арасында көңілді старттар ойынын өткізу арқылы, педагогтардың көңіл күйлерін көтеріп, спортқа деген қызығушылыққа, шығармашылыққа үйрету. Өз командасы үшін жанкүйер болып, командалық көңіл-күйге, бір-біріне деген ынтымақтастыққа, бірлікке тәрбиелеу.



**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша Қараша айы «Поэзия айы» деп аталуына орай топтар арасында ұйымдастырылған «Ең үздік мобильді кітапхана» байқауы бойынша АНЫҚТАМА**

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша өткізіліп отырған Қараша айы «Поэзия айы» деп аталуына орай «Балауса» мектепке дейінгі ұйымында орыс және қазақ топтары бойынша «Ең үздік мобильді кітапхана» байқауы ұйымдастырылды, Ұйымдастыру барысында педагогтар жалпы мобильді кітапхана туралы толықтай бір бірімен пікір алмасып топты жабдықтап берілген уақытқа дайындап, арнайы комиссия тағайындалып жалпы педагогтардың дайындаған бұрыштары арнайы тексеру комиссиясымен қаралып өз бағаларын берді. Кателіктері мен кемшіліктері туралы ескертпелер айтылды. Байқаудың еережесі бойынша комиссия мүшелері өз бағаларын берді. Балабақша ішінде ұйымдастырылып отырған байқауға барлық топтар қатысты.





**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша «Балауса» мектепке дейінгі ұйымында өткізілген «Толағай - 2023» топтар арасында өткізілген спорттық жарысқа АНЫҚТАМА**

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жоспары бойынша өткізіліп отырған Қараша айында «Балауса» мектепке дейінгі ұйымында ортаңғы мен ересек топтар арасында дене шынықтыру нұсқаушысының ұйымдастыруымен «Толағай- 2023» спорттық сайысы өткізілді. Спорттық сайыстың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды ойындар арқылы спортқа деген қызығушылығын арттыру, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Төзімділік, жылдамдық, ептілік деңгейін дамыта отырып, дененің жалпы даму сапасының артуына, ойын кезінде әділдікке, жолдастық сезімге, ойынды жетілдіруге тәрбиелеу. Спорттық сайыс барысында барлық топ балалары түрлі түсті формада киім үлгілерін киіп жас ерекшеліктеріне сай ойын түрлері таңдалып, балалар жақсы деңгейде ойын көрсетті. Ойын соңында балаларға қатысқаны үшін мадақтамалар беріліп, тәттілер ұсынылды. Спорттық сайыс жақсы деңгейде өтті.







